



КОНКУРС «Астана и Президент»

Сүйінкин Әлихан,

№19 орта мектептің 6 сынып оқушысы

Астанаға қарап елін таниды

Біздің сынып жетекшіміз «Астана және Президент» тақырыбына шығарма жазуға болатынын хабарлағалы мазам кетті. Апайымыздың айтуынша, бұл – республикалық байқау. Оған тек жоғары сынып оқушылары мен жастар қатыса алады.

Жоғары сыныпта оқымасам да, өзімдік үнімді қосуға бел байладым. Неге десеңіз, Астана – баршамызға ортақ тұлға. Қазақстанда тұратын әр азамат, «менің Астанам», «менің Президентім» деп мақтана алады.

Сондай-ақ мен Астананы өз көзіммен көргендігімді мақтан тұтамын. Бұл 2008 жыл болатын. Нағашы апам қызметінде озық шығып, жүлделі орынға ие болды. Жүлдегерлер Астанада марапатталатын болды. Нағашым өзімен бірге мені де Астанаға алып барды. Қаланы аралатты. Бұрын теледидардан ғана көретін «Бәйтерекке» көтерілдік. Міне, ғажап! Көздің жауын алатын, ертегідегідей небір әсем ғимараттарға телміріп қарадым да қалдым. Бас-аяғы он жылдың ішінде құлпырып шыға келген жас Астананы көргендегі қуанышымда шек болмады.

Енді бір мезет Елбасы қолының таңбасы ойылған іздерге бес саусағымды қойғаным сол еді, Бекболат ағамыз салған «Елім-ай» әні әуелей жөнелді.

Ендігі арманым Нұрсұлтан ағаның өзін көру болды. Оның сәті Астанада емес, бір жыл кейін өзіміздің кеншілер қаласында түсті. Қалай дейсіз ғой. Қостанай облысына Президент Н.Назарбаев келеді деген хабар естідім. Ол кісі Рудный қаласына ат басын тірмей кетпейді. Және қаламыздың қақ ортасында жаңа салынып біткен мешіттің ашылуына Нұрсұлтан аға қатысады деп естідік.

12 маусым болатын. Күн де жайма шуақ, жиналған жұрт та жайдары. Бәрінің көзі мешіттің есігінде. Міне, бір кезде кәдімгі Президенттің өзі де көрінді. Біз тұрған тұсқа жақындап, кейбір кісілермен сөйлесіп, кейбірімен қол алысып жатыр. Әттең, бойым аласа, қолына қолымды созып едім, тигізе алмадым.

Елбасы қарапайым адам екен. Өзіне ынтығып, жақындай алмай тұрған, жолдың арғы бетіндегі адамдарға да таяу барып, жылы жымып, бәріне шапағатын шашып өтті.

[Введите текст]

Осылайша Астананың өзін, Елбасын көзін көрдім. Сол себепті де мерейтойы жақындап келе жатқан Нұрсұлтан аға туралы жүрекжарды лебізімді білдіруді жөн санадым.

Теледидардан қазақша «Бұл – Астана», орысша «Статус столица» деген бағдарламаларды көремін. Аракідік газет-журнал оқимын. Солардан білетінім: еліміздің бас қаласын тұрғызған – Нұрсұлтан Әбішұлы. Ол кісіні «бас қаланың бас сәулетшісі», «Астана-Елбасының ерлігі», «Астана-Президенттің төл перзенті» деп атайды.

Ал мен болсам, «Астана-Елбасының мәңгілік туындысы», «Назарбаев – Астананың авторы» дер едім. Шынында да, жаңа Астана-Елбасының халқына жасаған таңғажайып сыйы. Қай елдің Президенті осындай сұлу шаһар орната алды?! Мүмкін, өзгелерге жаңа астана салу қажет те емес шығар.

Алайда жаңа әлемдегі жана Қазақстанда жаңа астана салдыру біздің Президентіміздің ғана қолынан келді. Осындайда «Астанасына қарап елін таны» дегің келеді.

Қанат аға Саудабаев айтқандай, «Астана-Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ғасырлық қолтаңбасы, тәуелсіз еліміздің тарихи жеңісі».

Әлем жұрты қазір Қазақстан десе – Астана, Астана десе – Н. Ә. Назарбаев дейтін болды. Олай болса, Астанамыз асқақтай берсін, Елбасымыздың мерейі үстем бола берсін деп тілейік.